

Үржар ауылындағы көшенің атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Үржар ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 26 қазандағы N 54 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Үржар аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 04 қарашада N 5-18-133 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабы 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабы 2 тармағына сәйкес және ауыл тұрғындардың пікірін ескере отырып, Үржар ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Үржар ауылы Фурманова көшесінің атауы – Шыңғожа батыр атындағы көше б о л ы п ө з г е р т і л с і н .
2. Осы шешімнің орындалуына бақылауды ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы О. Смагуловаға жүктелсін.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

әкімінің міндетін атқарушы

Ү р ж а р а у ы л д ы қ о к р у г і
В. Щуцкий